

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 559 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; № 19, 145-құжат; № 20, 158-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13-құжат; № 3, 26-құжат, 27; № 4, 30-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар):

1) 196-бапта ескерту мынадай редакцияда жазылсын:
«Ескерту. Осы баптағы ірі мөлшердегі табыс деп сомасы екі жүз мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс танылады.

Азаматқа айлық есептік көрсеткіштен мың есе асатын сомада келтірілген зиян, не ұйымға немесе мемлекетке қылмыс жасалған сәтке Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген зиян ірі зиян деп танылады.».

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар):

1) 147-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«147-бап. Монополистік қызмет

1. Нарық субъектілерінің Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы заңнамалық актісінде тыйым салынған

бәсекелестікке қарсы келісімдері, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -
монополистік қызметті бір жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асыру нәтижесінде алынған монополиялық табысы тәркіленіп немесе онсыз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табысының (түсімінің) бес пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға он пайыз мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Нарық субъектілерінің Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы заңнамалық актісінде тыйым салынған бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттері, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -
монополистік қызметті бір жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асыру нәтижесінде алынған монополиялық табысы тәркіленіп немесе онсыз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табысының (түсімінің) бес пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға он пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Нарық субъектілерінің Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы заңнамалық актісінде тыйым салынған өзінің үстем немесе монополиялық жағдайын теріс пайдалануы, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -
монополистік қызметті бір жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асыру нәтижесінде алынған монополиялық табысы тәркіленіп немесе онсыз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табысының (түсімінің) бес пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға он пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -
монополистік қызметті бір жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асыру нәтижесінде алынған монополиялық табысы тәркіленіп, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табысының (түсімінің) он пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма пайызы мөлшерінде айыппұл

5. Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы заңнамасымен тыйым салынған нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдерінің кез келген нысанына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтырған нарық субъектілерінің экономикалық қызметін жеке және заңды тұлғалардың үйлестіруі,

жеке тұлғаға - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға - монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табысының (түсімінің) он пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, жеке тұлғаға - үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табысының (түсімінің) жиырма пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т у .

Судья бәсекелестікке қарсы келісім немесе бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер түріндегі әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған нарық субъектісін, жиынтығында мынадай:

1) нарық субъектісі бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе келісілген іс-әрекеттер туралы монополияға қарсы органға мәлімдеген кезде монополияға қарсы орган басқа көздерден осы бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе келісілген іс-әрекеттер туралы ақпарат алмаған;

2) нарық субъектісі бәсекелестікке қарсы келісімдерге немесе келісілген іс-әрекеттерге өзінің қатысуын тоқтату жөнінде жедел шаралар қабылдаған;

3) нарық субъектісі мәлімдеу кезінен бастап бүкіл тергеу бойында бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе келісілген іс-әрекеттердің фактілері туралы толық ақпаратты хабарлаған;

4) нарық субъектісінің бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе келісілген іс-әрекеттерді жасау салдарынан тұтынушыларға келтірілген залалдарды ерікті түрде өтеу шарттары сақталған кезде монополиялық табысын тәркілеуден босатуы мүмкін.»;

2) 147-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«147-2-бап. Экономикалық шоғырлану кезінде нарық субъектілерінің заңсыз іс-әрекеттері

1. Егер монополияға қарсы орган рұқсатының болуы қажет болған жағдайда, нарық субъектілерін оның рұқсатын алмай, экономикалық шоғырлануы, экономикалық шоғырлануға қатысушы нарық субъектілерінің экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы шешімге негіз болған талаптар мен міндеттемелерді орындамауы, жеке тұлғаларға - жүз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - үш жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз, ірі

кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Егер жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарламаның болуы қажет болған жағдайда, мұндай хабарламаны монополияға қарсы органға бермеуі немесе у а қ т ы л ы б е р м е у і , -

жеке тұлғаларға - жүз, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - үш жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».

3. «Бәсекелестік туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 125-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат, № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 4-бап мынадай мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

Осы бапта көрсетілген қағидаттар барлық нарық субъектілеріне осындай нарық субъектілерінің тең жағдайда ұйымдық-құқықтық нысандарына және тіркелген орнына қарамастан, біркелкі түрде және бірдей шамада қолданылады.»;

2) 6 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) әлеуетті бәсекелес:

бәсекелестің тауарына ұқсас не бірін-бірі өзара алмастыратын тауарларды шығару және (немесе) өткізу мүмкіндігі бар (жабдықтары, технологиялары бар), бірақ тиісті тауар нарығында оны шығармайтын және өткізбейтін нарық субъектісі»;

мынадай мазмұндағы 6-2) тармақшамен толықтырылсын:

«6-2) бәсекелес – сәйкес тауар нарығында нарық субъектілері тауарларына ұқсас және (немесе) олармен өзара алмастырылатын тауарды өндіретін және өткізетін тауар нарығында басқа нарық субъектілерімен жарыспалылық қалпында болатын нарық с у б ь е к т і с і » ;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) нарық субъектісі – өзіне табыс әкелетін қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғасы, шетелдік заңды тұлға, олардың филиалдары мен уәкілдіктері»;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) тікелей бақылау - жеке немесе заңды тұлғаның мынадай бір немесе бірнеше іс-қимылдар арқылы заңды тұлға қабылдаған шешімдерді айқындау мүмкіндігі:

оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыру;

заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу шарттарын айқындау құқығын алу;

заңды тұлғаның жарғылық (қалыптаспа) капиталын құрайтын акциясына (үлесіне)

сәйкес келетін дауыстың жалпы санының 50-ден астам пайызына иелік ету»;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) тергеу - монополияға қарсы органның осы Заңда көзделген тәртіпте Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын растайтын дәлелдемелерді жинауға бағытталған іс-шаралары»;

16-тармақшада «тізбесі.» сөзі «тізбесі;» сөзімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

«17) жанама бақылау - олардың араларында тікелей бақылау болатын заңды тұлға немесе бірнеше заңды тұлғалар арқылы заңды тұлға қабылдайтын шешімді жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның айқындау мүмкіндігі.»;

3) 7-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің, пайлардың) тікелей немесе жанама түрде (үшінші тұлғалар арқылы) елу пайыздан астамына тұлғаның билік етуге құқығы болса»;

4) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап. Бәсекелестікке қарсы келісімдер

1. Бір тауар нарығында жұмыс істейтін нарық субъектілері арасындағы –
б ә с е к е л е с т е р г е :

1) бағаларды (тарифтерді), жеңілдіктерді, үстемеақыларды (қосымша ақыларды) үстеме бағаларды белгілеуге және ұстап тұруға;

2) сауда-саттықтарда бағаларды көтеруге, төмендетуге немесе ұстап тұруға;

3) тауар нарығының аумақтық қағидаты, тауарларды сату немесе сатып алу көлемі, өткізілетін тауарлар ассортименті не сатушылардың немесе сатып алушылардың (тапсырыс берушілердің) құрамы бойынша бөлуге;

4) тауарлар өндірісін қысқартуға немес тоқтатуға;

5) белгілі бір сатушылармен не сатып алушылармен (тапсырыс берушілермен) шарт жасасудан бас тартуға әкеп соғатын немесе әкелуі мүмкін келісімдерге тыйым
с а л ы н а д ы .

2 . Е г е р :

1) сатушы сатып алушы үшін тауарды қайта сатудың ең жоғары бағасын белгілейтін жағдайды қоспағанда, келісімдер тауарды қайта сату бағасын белгілеуге әкелетін немесе әкелуі мүмкін болса;

2) келісімде сатушының бәсекелесі болып табылатын нарық субъектісінің тауарын сатып алушының сатпау міндеттемесі көзделсе, нарық субъектілері арасындағы сатылы келісімдерге тыйым салынады. Мұндай тыйым салу сатып алушының тауар белгісімен тауарларды сатуды ұйымдастыру туралы келісімдерге не сатушыны немесе өндірушіні жекелендірудің өзге құралдарына қолданылмайды.

3. Нарық субъектілерінің арасындағы кез келген нысанда қол жеткізілген, нәтижесінде бәсекелестікті шектеуге алып келетін немесе алып келуі мүмкін бәсекелестікке қарсы келісімдерге, оның ішінде:

1) басқа нарық субъектілерімен маңызы бірдей шарттарға кемсітетін талаптарды, оның ішінде тауарларды сатып алудың және (немесе) өткізудің келісілген талаптарын белгілеуге немесе ұстап тұруға;

2) сауда-саттықтың, аукциондар мен конкурстардың қорытындыларын оларды өткізудің белгіленген тәртібін бұзу, оның ішінде лоттар бойынша бөлу жолымен бұзу нәтижесінде бұрмалауға;

3) тауарларды өткізуді негізсіз шектеуге немесе тоқтатуға;

4) нарықтың басқа субъектілерінің белгілі бір тауарларды сатушылар (өнім берушілер) немесе олардың сатып алушылары ретінде тауар нарығына кіруін шектеуге немесе оларды нарықтан ығыстырып шығаруға;

5) келісімшарт жасаушы агенттердің өзінің мазмұны бойынша немесе іскерлік айналым дәстүріне сай осы шарттардың нысанасына қатысы жоқ қосымша міндеттемелер (қаржы қаражатын және өзге де мүлікті, мүліктік немесе мүліктік емес құқықтарды беруді негізсіз талап ету) қабылдауы кезінде шарттар жасасуға қатысты бәсекелестікке қарсы келісімдерге тыйым салынады және олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

Осы тармақта белгіленген тыйымдар коммерциялық концессияның (франчайзингінің) шарттары болып табылатын не нарық субъектілерінің жиынтық үлесі тауар нарығында жиырма пайыздан аспаса, сатылы келісімге қолданылмайды.

4. Нарық субъектілерінің экономикалық қызметін жеке және заңды тұлғалардың осы баптың 1, 2, 3-тармақтарында санамаланған салдарға әкелетін немесе әкеле алатындай үйлестіруіне тыйым салынады.

5. Осы баптың ережелері, егер нарықтың осындай субъектілерінің бірі нарықтың басқа екінші субъектісіне қатысты тікелей немесе жанама бақылау белгілеген болса, сондай-ақ егер нарықтың мұндай субъектілері бір тұлғаның тікелей немесе жанама бақылауында болса, бір тұлғалар тобына кіретін нарық субъектілері арасындағы келісімге қолданылмайды.

6. Осы баптың талаптары зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықтарды және оларға теңестірілген заңды тұлғаның жекелендіру құралдарын, өнімдерді, жұмыстарды немесе қызметтерді жекелендіру құралдарын жүзеге асыру туралы келісімдерге қолданылмайды.

7. Осы бапта көзделген келісімдер осы баптың 2-тармағын қоспағанда, егер олар нарық субъектілеріне осы келісімдердің мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болып табылатын шектеулер қоймаса және тиісті тауар нарығында бәсекелестікті жою үшін мүмкіндік жасамаса және егер нарық субъектілері мұндай келісімдер өз нәтижесінде:

1) тауарлар өндіруді (өткізуді) жетілдіруге немесе техникалық (экономикалық) прогреске ынталандыруға не әлемдік тауар нарығында Тараптардың тауар өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жәрдемдесуі;

2) тұтынушылардың тиісті тұлғалардың мұндай іс-қимылдарды жасауынан иеленетін артықшылықтардың (пайдалардың) мөлшерлес бөлігін алуына әкелетін немесе әкелуі мүмкін деп дәлелденсе жол беріледі деп танылуы мүмкін.»;

5) 11-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «2. нарық субъектілерінің іс-қимылдары олардың әрқайсысына белгілі болса»;

6) 12-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын: «1-1. Нарық субъектісінің үстем жағдайы Еуразиялық экономикалық комиссиясы бекітетін Бәсекелестіктің жай-күйін бағалау әдістемесіне сәйкес мынадай мән-жайларды талдауды негізге ала отырып белгіленеді:

1) нарық субъектісінің үлесі және оның бәсекелестері мен сатып алушыларының үлестері мен арақатынасы;

2) нарық субъектісінің біржақты тәртіппен тауар бағасының деңгейін айқындауы және тиісті тауар нарығында тауар өткізудің жалпы жағдайына шешуші ықпал ету мүмкіндігі;

3) тауар нарығына кіру үшін экономикалық, технологиялық, әкімшілік немесе өзге де шектеулердің болуы;

4) жұмыс істеу кезеңінде нарық субъектісінің тауар нарығында тауар айналымының жалпы жағдайына шешуші ықпал ету мүмкіндігі.»;

7) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«13-бап. Үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану

Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тиісті тауар нарығына кіруді шектеуге, бәсекелестікті болдырмауға, шектеуге және жоюға алып келген немесе алып келуі мүмкін және (немесе) тұтынушылардың заңды мүдделеріне қысым жасайтын әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне, оның ішінде:

1) монополиялық жоғары (төмен) немесе монополициялық төмен бағаларды белгілеуге, ұстап тұруға;

2) нарық субъектілерімен жасалған маңызы бірдей келісімдерге әділетті айқындалған себептерсіз әртүрлі бағалар қолдану не әртүрлі талаптар қоюға;

3) өзінен сатып алынған тауарларды қайта сатуға аумақтық белгісі, сатып алушылар тобы, сатып алу талаптары бойынша, сондай-ақ саны, бағасы бойынша шектеулер белгілеуге;

4) нарық субъектісіне өз мазмұны бойынша немесе іскерлік айналым дәстүріне сай осы келісімдердің мәніне қатысы жоқ қосымша міндеттемелер қабылдану жолымен келісімдер жасасу үшін шарт қоюға не оны күштеп таңуға;

5) тиісті тауарды өндіру немесе өткізу мүмкіндігі бола тұрып жекелеген сатып алушылармен шарт жасасудан негізсіз бас тарту немесе не осындай шарт жасасуға бір айдан асатын мерзімде жауап бермеуден білінетін жалтаруға;

6) тауарлар жеткізуде бәсекелестер өндіретін не өткізетін тауарларды сатып алу кезінде шектеулерді қабылдау арқылы шарт қоюға;

7) тұтынушылардың сұраныстары немесе тапсырыстары бар тауарларды өндіру немесе жеткізу мүмкіндігі бола тұрып, өндіру және (немесе) жеткізу көлемін негізсіз қысқарту немесе өндіру мен (немесе) жеткізуді тоқтатуға;

8) егер тауарды алып қоюдың нәтижесі тауардың бағасын көтеру болып табылса, айналымнан тауарды алып қоюға;

9) контрагентке ол үшін пайдасы жоқ немесе шарттың мәніне жатпайтын шарттың экономикалық немесе технологиялық негізделмеген шарттардың талаптарын күштеп таңуға;

10) басқа нарық субъектілерінің тауар нарығына кіруіне немесе тауар нарығынан шығуына кедергілер жасау сияқты іс-әрекеттеріне тыйым салынады.»;

8) 31-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Монополияға қарсы орган мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен аффилиирленген тұлғаларды құру болжанатын тауар нарықтарын тексеруге, аталған тауар нарықтарында бәсекелестіктің даму деңгейі туралы, оның ішінде аталған тауар нарығында мемлекеттің мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық жүргізу серіктестігі, акционерлік қоғам тұлғасында қатысу мерзімі туралы қорытынды дайындауға және өтінішхат берген тұлғаға дәйекті шешімді өтінішхат келіп түскен кезден бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде жіберуге міндетті.»

9) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«33-бап. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттері және келісімдері

1. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға немесе тұтынушылардың заңды құқықтарына қысым жасауға әкелетін немесе әкелуі мүмкін актілер не шешімдер қабылдаудан көрінетін бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттеріне, мұндай іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тыйым салынады және олар толықтай немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

2. Мемлекеттік билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, өзге де олардың функцияларын жүзеге асыратын органдар немесе ұйымдар немесе олардың арасындағы және шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) арасындағы келісімге, егер мұндай келісім халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, бәсекелестікті болдырмауға, шектеуге немесе жоюға әкелетін немесе әкелуі мүмкін келісімдерге тыйым салынады.»;

10) 34, 35, 36-баптар алып тасталсын;

11) 39-баптың 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады»;

9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) үстем немесе монополиялық жағдайдағы нарық субъектілерін тізілімге енгізу және одан алып тастаудың тәртібін әзірлеу»;

27-тармақшада «асырады.» сөзі «асырады;» сөзімен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 28) тармақшамен толықтырылсын:

«28) жүргізетін бәсекелестік саясаттың ақпараттық ашықтығын, сонымен қоса монополияға қарсы органның қызметі туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында және монополияға қарсы органның интернет-ресурсында орналастыру арқылы қамтамасыз етеді.»;

12) мынадай мазмұндағы 40-1-баппен толықтырылсын: «40-1-бап. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу

1. Тізілімді бекіту және оған өзгерістер енгізу Монополияға қарсы орган басқармасының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Тізілім Монополияға қарсы орган белгілеген нысан бойынша бекітіледі.

3. Монополияға қарсы органның басқармасы нарық субъектілерін тізілімге енгізу (алып тастау) туралы шешім қабылдаған жағдайда, аталған нарықта үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісіне Монополияға қарсы орган басқармасы нарық субъектілерін тізілімге енгізу (алып тастау) туралы шешімді қабылдаған сәттен бастап, он жұмыс күні ішінде тізілімнен көшірме жібереді.

4. Тұлғалар тобы тізілімге бір нарық субъектісі ретінде енгізіледі және бұл ретте тұлғалар тобына кіретін, тиісті тауар нарығында қызмет көрсететін барлық заңды тұлғалар көрсетіледі.

5. Үстем немесе монополиялық жағдайдағы нарық субъектілерін тізілімге енгізу және одан алып тастау Қазақстан Республикасы Үкіметі анықтайтын тәртіпте жүзеге асырылады.

13) 41-баптың 1-тармағы 7) тармақшасы алып тасталсын;

14) 7-тараудың аты мынадай редакцияда жазылсын:

«7-тарау. Монополияға қарсы органның реттеуші, құқық қорғау органдармен және басқа мемлекеттердің монополияға қарсы органдарымен өзара іс-қимылы»;

15) мынадай мазмұндағы 44-1-баппен толықтырылсын:

«44-1-бап. Монополияға қарсы органдардың басқа мемлекеттердің монополияға қарсы органдарымен өзара іс-қимылы

1. Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде Кеден одағы елдерінің монополияға қарсы органдары мәліметтерді жіберу туралы сұрату, кеңестер жүргізу, тергеулер жөнінде хабарлау туралы өзара іс-қимылдарын, сонымен қатар хабарламаларды жіберу жолымен жүзеге асырады.

2. Егер Қазақстан Республикасының монополияға қарсы органы өзге де халықаралық ұйымдарға мүше болып табылса, онда монополияға қарсы орган ұйымдарға қатысу шеңберінде сұрау салуларды жіберуге және өзге де мемлекеттердің монополияға қарсы органдарының сұрау салулары бойынша ақпарат беруге құқылы.»;

16) Заңның 49, 50 және 51-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«49-бап. Экономикалық шоғырландыруға мемлекеттік бақылау

1. Үстем не монополиялық жағдайдың пайда болуын немесе күшеюін және (немесе) бәсекелестікті шектеуді болғызбау мақсатында монополияға қарсы орган осы Заңның 50-бабының 1-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген мәмілелерді (іс-қимылдарды) жүзеге асыруға монополияға қарсы органның алдын алу (келісімі түрінде немесе оның осы Заңның 50-бабының 1-тармағы 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген мәмілелер туралы хабарлауы көрінетін экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылауды іске асырады.

2. Экономикалық шоғырлануды жасаған не жасауға ниеттенген нарық субъектілері экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхатпен монополияға қарсы органға жүгінеді немесе осы заңда көзделген тәртіппен жасалған экономикалық шоғырлану туралы монополияға қарсы органды хабардар етеді.

3. Егер экономикалық шоғырлану конкурстық рәсімдерді (аукциондар, тендерлер, конкурстар) қолдана отырып жүргізілсе, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, өтінішхат конкурс рәсімі басталғанға дейін де, одан кейін де, бірақ жеңімпаз жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірілмей берілуі мүмкін.

4. Осы Заңның 50-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда тіркеуші орган нарық субъектілерін, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді монополияға қарсы органның келісімімен жүзеге асырады.

5. Монополияға қарсы органның келісімінсіз жасалып, нарық субъектісінің немесе тұлғалар тобының үстем немесе монополиялық жағдайын орнықтыруға немесе күшейтуге және (немесе) бәсекелестікті шектеуге әкелген экономикалық шоғырлануды сот монополияға қарсы органның талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Осы бапты бұза отырып жүзеге асырылған нарық субъектісін, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу монополияға қарсы органның талап қоюы бойынша сот тәртібімен заңсыз деп танылуы мүмкін және олардың күші жоғылады.» ;

50-бап. Экономикалық шоғырлану

1. Мыналар :

- 1) нарық субъектісін бірігу немесе қосылу жолымен қайта ұйымдастыру;
- 2) тұлғаның (тұлғалар тобының) нарық субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акцияларды (қатысу үлестерін, пайларды) сатып алуы, бұл ретте, егер мұндай тұлға (тұлғалар тобы) сатып алуға дейін осы нарық субъектісінің акцияларына (қатысу үлестеріне, пайларына) билік етпесе немесе аталған нарық субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің, пайлардың) жиырма бес немесе одан да аз пайызына билік етсе, мұндай тұлға (тұлғалар тобы)

аталған акциялардың (қатысу үлестерінің, пайлардың) жиырма бес пайыздан астамына
б и л і к е т у г е қ ұ қ ы қ а л а д ы ;

3) егер мәміленің (өзара байланысты мәмілелердің) мәні болып табылатын мүліктің баланстық құны мүлікті иеліктен шығаратын немесе басқаға беретін нарық субъектісінің негізгі өндірістік құрал-жабдықтары мен материалдық емес активтерінің баланстық құнының он пайызынан асып кетсе, нарық субъектісінің (тұлғалар тобының) нарықтың басқа субъектісінің негізгі өндірістік құрал-жабдықтарын және (немесе) материалдық емес активтерін меншікке алуы, иеленуі және пайдалануы, оның ішінде жарғылық капиталды төлеу (беру) есебінен меншікке алуы, иеленуі және пайдалануы;

4) нарық субъектісінің кәсіпкерлік қызметті басқа нарық субъектісі жүргізген кезде олардың орындауына міндетті нұсқаулар беруге не оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін (оның ішінде сенімгерлік басқару туралы шарт, бірлескен қызмет туралы шарт, тапсырма шарты негізінде) құқықтар
а л у ы ;

5) бір жеке тұлғалардың екі және одан да көп нарық субъектілерінің атқарушы органдарына, директорлар кеңесіне, байқаушы кеңестеріне немесе басқарудың басқа да органдарына аталған жеке тұлғалар көрсеткен аталған субъектілерде кәсіпкерлік қызметін жүргізу шарттарын анықтау жағдайында қатысуы экономикалық шоғырлану
д е п т а н ы л а д ы .

2 . М ы н а л а р :

1) нарық субъектісінің акцияларын (қатысу үлестерін, пайларын) қаржылық ұйымдардың сатып алуы, егер бұл сатып алу, оларды кейіннен қайта сату мақсатында аталған ұйымның нарық субъектісінің басқару органдарында дауыс беруге қатыспауы шартымен жүзеге асырылатын болса;

2) оңалтушы немесе конкурстық басқарушыны, уақытша әкімшілікті (уақытша әкімшіні) тағайындау ;

3) осы баптың 1-тармағында аталған мәмілелерді жүзеге асыру, егер мұндай мәміле бір тұлғалар тобының ішінде жасалса, экономикалық шоғырлану болып танылмайды.

3. Егер қайта ұйымдастырылатын нарық субъектілерінің (тұлғалар тобының) немесе сатып алушының (тұлғалар тобының), сондай-ақ өзінің жарғылық капиталындағы дауыс беру құқығындағы акциялары (қатысу үлестері, пайлары) сатып алынатын нарық субъектісі активтерінің жиынтық баланстық құны немесе олардың соңғы қаржы жылында тауар өткізуінің жиынтық көлемі өтінішхат берілген күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің он миллион еселенген мөлшерінен асып кеткен немесе мәмілеге қатысушы тұлғалардың бірі тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі болып табылған жағдайларда осы Заңның 50-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында аталған мәмілелерді жүзеге асыруға монополияға қарсы органның келісімі не оның осы Заңның 1-тармағының 4), 5) тармақшаларында аталған мәмілелер туралы хабарламасы талап етіледі.

Егер қаржылық ұйым активтерінің құны не өз капиталының шамасы монополияға қарсы органның қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп белгілеген мөлшерлерінен асып кетсе, қаржылық ұйымдардың қатысуымен экономикалық шоғырлануға келісім беру жүзеге асырылады.

4. Монополияға қарсы орган тиісті тауар нарықтарын талдау негізінде аталған нарықтар үшін осы бапта көрсетілген мәмілелерді жүзеге асыруға монополияға қарсы органның келісімі қажет болатын активтер құнының жоғары мөлшері мен тауарлар өткізу көлемінің неғұрлым жоғары мөлшерін белгілеуге құқылы.

5. Тауарларды өткізудің жиынтық көлемі осы баптың 3-тармағына сәйкес экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішхат берілген жылдың алдындағы соңғы қаржы жылы тауарларды өткізуден түскен табыс (ақшалай түсім) сомасы ретінде қосылған құн салығының және акциздің сомасы шегеріле отырып айқындалады.

Нарық субъектісі қызметті бір жылдан кем мерзімде жүзеге асырған жағдайда тауарларды өткізу көлемі нарық субъектісі жұмыс істеген кезең үшін айқындалады.

6. Осы Заңның 50-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген мәмілелер жүзеге асырылған жағдайда монополияға қарсы органның алдын ала келісімі талап етіледі.

Осы Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген мәмілелер жүзеге асырылған жағдайда монополияға қарсы орган экономикалық шоғырлану мәміле жасалған мерзімнен кейін қырық бес күннен кешіктірілмей хабардар етілуі тиіс.»;

51-бап. Экономикалық шоғырлануды жүзеге асыру туралы өтінішхат беретін тұлғалар

1. Осы Заңның 50-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда монополияға қарсы органға өтінішхатты тиісті шешім қабылдайтын тұлға немесе нарық субъектілерінің құрылтайшылары береді.

2. Осы Заңның 50-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген экономикалық шоғырлануды жүзеге асыру туралы өтінішхатты монополияға қарсы органға акцияларды (қатысу үлестерін, пайларды), негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын, материалдық емес активтерді немесе тиісті құқықтарды иелетін тұлға береді.

3. Егер осы Заңның 50-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында аталған мәміленің тарапы болып бірнеше тұлға әрекет етсе, онда өтінішхатты мәмілеге қалған қатысушылардың атынан олардың біреуі беруі мүмкін. Өтінішхатта экономикалық шоғырлануды жасау туралы шешімді қабылдаған тұлғалардың мүдделерін монополияға қарсы органда білдіруге уәкілетті тұлға көрсетіледі.»;

17) Заңның 53, 54-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«53-бап. Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы

өтінішхатқа қоса берілетін құжаттар

1. Монополияға қарсы органға осы Заңның 50-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхатты табыс ету үшін қажетті құжаттама:

1) тұлғаның немесе уәкілетті органның нарық субъектісін қайта ұйымдастыру туралы шешімінің жобасы;

2) қызмет түрлеріндегі немесе олардың іскерлік операцияларының ауқымындағы жоспарланып отырған өзгерістерді қоса алғанда, нарық субъектісін қайта ұйымдастыру мақсатының негіздемесі;

3) құрылатын нарық субъектісінің бекітілген жарғысы мен құрылтай шартын немесе олардың жобалары;

4) құрылатын нарық субъектісіне берілетін мүліктерді беру мәліметтері мен шарттарының тізбесі;

5) қайта ұйымдастырылатын нарық субъектілерінің әрқайсысы бойынша, сондай-ақ қайта ұйымдастырылатын нарық субъектілерімен бір тұлғалар тобына кіретін әрбір нарық субъектісі бойынша:

атауы, ұйымдастыру-құқықтық нысаны, заңды және нақты мекен-жайы, қатысу нысаны;

жарғылық капиталының шамасы және қатысу үлесі;
акциялардың түрлері;

жеке тұлға бойынша - жеке басын куәландырушы құжат деректері, азаматтығы жөнінде мағлұматтар, сондай-ақ тұрғылықты мекен-жайы;

6) басқа да нарық субъектілерінің атқарушы органының, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңестің) мүшелері болып табылатын, атқарушы органның, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңестің) лауазымы көрсетілген мүшелерінің тізімі;

7) қайта ұйымдастырылатын нарық субъектілері өндіретін және өткізетін тауарларды өндіру мен өткізудің, тауарлардың Қазақстан Республикасындағы экспорт және импорт көлемі;

8) қайта ұйымдастырылатын нарық субъектілерімен бір тұлғалар тобына кіретін нарық субъектілері өндіретін немесе өткізетін тауарларды немесе өзара алмастырылатын тауарларды өндіру мен өткізудің, олардың Қазақстан Республикасына импорты және экспортының көлемі;

9) белгілі бір немесе өзара алмастырылатын тауарлардың осы мәмілені жасау нәтижесінде өндіру және өткізу болжамы қамтылады.

2. Монополияға қарсы органға осы Заңның 50-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхатты беру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі:

1) шарт немесе шарттың жобасы не мәміленің жасалғанын растайтын өзге құжат;

2) сатып алушы бойынша және сатып алушымен бір тұлғалар тобына кіретін әрбір

нарық субъектісі бойынша:

атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, заңды және нақты мекен-жайы, қатысу нысаны;
жарғылық капиталының шамасы және қатысу үлесі;
акциялардың түрлері;
жеке тұлға үшін - жеке басын куәландырушы құжат деректері, азаматтығы туралы мағлұматтар, сондай-ақ тұрғылықты мекен-жайы;
өзіне қатысты осы Заңның 50-бабы 1) тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-әрекеттер жасалатын нарық субъектісі өндіретін немесе өткізетін тауарларға немесе өзара алмастырылатын тауарларға ұқсас тауарларды өндіру мен өткізудің, олардың Қазақстан Республикасына тиісті экспорты пен импортының көлемі;
3) басқа да нарық субъектілерінің атқарушы органының, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңестің) мүшелері болып табылатын, атқарушы органның, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңестің) лауазымы көрсетілген мүшелерінің тізімі;
4) өзіне қатысты осы Заңның 50-бабы 1) тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-қимылдар жасалатын нарық субъектісінің тауарларды өндіруі мен өткізуінің, олардың Қазақстан Республикасына тиісті экспорты пен импортының көлемі;
5) өзіне қатысты осы Заңның 50-бабы 1) тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-әрекеттер жасалатын нарық субъектісінің тікелей немесе жанама бақылауында болатын нарық субъектілері өндіретін немесе өткізетін белгілі бір немесе өзара алмастырылатын тауарларды өндіру мен өткізудің, олардың Қазақстан Республикасына тиісті экспорты пен импортының көлемі;
6) мәміле жасалғаннан кейін өзіне қатысты осы Заңның 50-бабы 1) тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-әрекеттер жасалатын нарық субъектісіне қатысты сатып алушы алатын құқықтар туралы мәліметтер, оның ішінде:
сатып алушы мәміле жасалғаннан кейін билік ететін нарық субъектісі акцияларының (қатысу үлестерінің, пайларының) саны және орналастыру бағасы, сондай-ақ олардың нарық субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беру құқығы бар акцияларының (қатысу үлестерінің, пайларының) жалпы санынан пайыздық үлесі және олардың нарық субъектісінің жарғылық капиталындағы пайыздық үлесі;
сатып алушының нарық субъектісіне және оның тұлғалар тобына қатысты алатын құқықтарының тізбесі;
7) белгілі бір немесе өзара алмастырылатын тауарлардың осы мәмілені жасау нәтижесіндегі өндіру және өткізу болжамы қамтылады.

3. Монополияға қарсы органға осы Заңның 50-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішхат беру үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) шарт немесе шарттың жобасы;
2) сатып алушы бойынша және сатып алушымен бір тұлғалар тобына кіретін әрбір нарық субъектісі бойынша:

атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, заңды және нақты мекенжайы, қатысу нысаны;
жарғылық капиталының шамасы және қатысу үлесі;
акциялардың түрлері;
жеке тұлға үшін - жеке басын куәландырушы құжат деректері, азаматтығы туралы
мағлұматтар, сондай-ақ тұрғылықты мекен-жайы;
сатып алынатын мүлікті пайдалану арқылы өндірілетін белгілі бір немесе өзара
алмастырылатын тауарларды өндіру мен өткізудің, олардың Қазақстан Республикасына
тиісті экспорты пен импортының көлемі;
4) тауарлардың түрлері көрсетіле отырып, алынатын мүліктің қандай тауарларды
шығару үшін пайдаланылғаны және пайдаланылатыны туралы мәліметтері;
5) тауарлардың түрлері көрсетіле отырып, алынатын мүлікті пайдалану арқылы
тауарлар өндіру мен өткізудің болжамы;
6) белгілі бір немесе өзара алмастырылатын тауарлардың осы мәмілені жасау
нәтижесіндегі өндірілу және өткізілу болжамы қамтылады.

4. Шетелдік заңды тұлғалар осы бапқа сәйкес берілетін ақпараттан басқа қосымша:

1) өзі тұрған елдің заңнамасына сәйкес оның заңды мәртебесін растайтын шыққан
елдің сауда тізілімінен немесе өзге балама құжаттан нотариалдық расталған үзінді
көшірмесін табыс етеді;

2) егер шетелдік заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тіркелген филиалы
немесе өкілдігі болса, филиалды немесе өкілдікті есептік тіркеу туралы мәліметтер
және филиал немесе өкілдік туралы ереженің көшірмесін табыс етеді;

3) егер сатып алушының - шетелдік заңды тұлғаның немесе шетел қатысатын нарық
субъектісінің Қазақстан Республикасында филиалы немесе өкілдігі болса, филиалдың
немесе өкілдіктің Қазақстан Республикасында өндіретін немесе өткізетін
тауарларының түрлері тізіп көрсетіледі.

5. Егер қосымша мәліметтердің немесе құжаттардың болмауы өтінішхатты қарауға
кедергі келтіретін болса, монополияға қарсы орган өтініш берушіден немесе басқа
тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдардан оларды сұратуға құқылы.

Монополияға қарсы орган ақпаратты немесе құжаттарды беру үшін белгілейтін
мерзім он күнтізбелік күннен кем болмауы тиіс.»;

54-бап. Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы
өтінішхаттарды қарау мерзімдері

1. Монополияға қарсы орган өтінішхатты алған күннен бастап он күнтізбелік күн
ішінде табыс етілген материалдардың толықтығын тексеруге және өтінішхат беруші
тұлғаны өтінішхатты қарауға қабылдағаны туралы немесе қабылдаудан бас тартылғаны
туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

2. Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхатты қарау мерзімі
өтінішхат қарауға қабылданған кезден бастап елу күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

3. Өтінішхатты қарау мерзімі монополияға қарсы орган немесе сот аталған

өтінішхат немесе онымен байланысты басқа өтінішхат бойынша шешім қабылдағанға дейін өтінішхатты қарау мүмкін болмаған жағдайда тоқтатыла тұрады, монополияға қарсы орган бұл туралы өтінішхатты қарауды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде өтінішхатты берген тұлғаны хабардар етуге м і н д е т т і .

4. Монополияға қарсы орган өтінішхатты қарау барысында шешім қабылдау үшін нарық субъектісінен және (немесе) мемлекеттік органнан қажетті қосымша ақпарат с ұ р а т ұ ғ а қ ұ қ ы л ы .

5. Қосымша ақпарат беру кезеңінде өтінішхатты қарау мерзімі тоқтатыла тұрады, монополияға қарсы орган бұл туралы өтінішхат берген тұлғаны жазбаша хабардар е т у ғ е м і н д е т т і .

6. Монополияға қарсы орган экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхатты қарауды тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлар жойылғаннан кейін қарауды қайта бастайды. Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхатты қарау мерзімінің өтуі қарау қайта басталған күннен бастап жалғасады.

7. Монополияға қарсы орган өтінішхатты қарауды тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлар жойылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде өтінішхат берушіні өтінішхатты қарауды қайта бастау туралы жазбаша түрде хабардар етуі тиіс.»;

18) мынадай мазмұндағы 54-1, 54-2 тармақшалармен толықтырылсын:
54-1-бап. Іске асырылған экономикалық шоғырлану туралы монополияға қарсы органды хабардар ету тәртібі

Осы Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген мәмілелерді жасауға ниеттенген нарық субъектілері экономикалық шоғырландыруды жүзеге асырғаннан кейін қырық бес күннен кешіктірмей монополияға қарсы органды х а б а р д а р е т е д і .

Іске асырылған экономикалық шоғырлану туралы жазбаша хабарлама тікелей монополияға қарсы органға да, сондай-ақ байланыс мекемесі арқылы да берілуі мүмкін.
М ы н а л а р :

1) өздері кәсіпкерлік қызметті жүргізген кезде басқа нарық субъектісінің орындауына міндетті нұсқаулар беруге немесе оның атқарушы органының функциясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін (оның ішінде сенімгерлік басқару туралы шарт, бірлескен қызмет туралы шарт, тапсырма шарты негізінде) құқықтарға ие болатын н а р ы қ с у б ь е к т і с і ;

2) екі және одан да көп нарық субъектілерінің атқарушы органдарына, директорлар кеңесіне, байқаушы кеңестеріне немесе басқарудың басқа да органдарына аталған жеке тұлғалардың осы субъектілердің кәсіпкерлік қызметін жүргізу шартын айқындау жағдайында қатысатын белгілі бір жеке тұлға монополияға қарсы органды хабардар е т у і т и і с .

54-2-бап. Монополияға қарсы органға жасалған экономикалық

шоғырлану туралы хабарламаға қоса берілетін құжаттама

1. Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген монополияға қарсы органға осы жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарламаны беру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізілімі:

1) заңды тұлғамен расталған шарт көшірмесі немесе мәміленің жасалғанын растайтын өзге құжат;

2) сатып алушы бойынша және сатып алушымен бір тұлғалар тобына кіретін әрбір нарық субъектісі бойынша:

атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, заңды және нақты мекен-жайы, қатысу нысаны;

жарғылық капиталының шамасы және қатысу үлесі;

акциялардың түрлері;

жеке тұлға үшін - жеке басын куәландырушы құжат деректері, азаматтығы туралы мағлұматтар, сондай-ақ тұрғылықты мекен-жайы;

өзіне қатысты осы Заңның 50-бабы 1) тармағының 4) тармақшасында көзделген іс-әрекеттер жасалатын нарық субъектісі өндіретін немесе өткізетін тауарларға немесе өзара алмастырылатын тауарларға ұқсас тауарларды өндіру мен өткізудің, олардың Қазақстан Республикасына тиісті экспорты пен импортының көлемі;

3) басқа да нарық субъектілерінің атқарушы органының, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңестің) мүшелері болып табылатын, атқарушы органның, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңестің) лауазымы көрсетілген мүшелерінің тізімі;

4) өзіне қатысты осы Заңның 50-бабы 1) тармағының 4) тармақшасында көзделген іс-әрекеттер жасалатын нарық субъектісінің тауарларды өндіруі мен өткізуінің, олардың Қазақстан Республикасына тиісті экспорты пен импортының көлемі;

5) өзіне қатысты осы Заңның 50-бабы 1) тармағының 4) тармақшасында көзделген іс-әрекеттер жасалатын нарық субъектісінің тікелей немесе жанама бақылауында болатын нарық субъектілері өндіретін немесе өткізетін белгілі бір немесе өзара алмастырылатын тауарларды өндіру мен өткізудің, олардың Қазақстан Республикасына тиісті экспорты пен импортының көлемі;

6) мәміле жасалғаннан кейін өзіне қатысты осы Заңның 50-бабы 1) тармағының 4) тармақшасында көзделген іс-әрекеттер жасалатын нарық субъектісіне қатысты сатып алушы алатын құқықтар туралы мәліметтер, оның ішінде:

сатып алушы мәміле жасалғаннан кейін билік ететін нарық субъектісі акцияларының (қатысу үлестерінің, пайларының) саны және орналастыру бағасы, сондай-ақ олардың нарық субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беру құқығы бар акцияларының (қатысу үлестерінің, пайларының) жалпы санынан пайыздық үлесі және олардың нарық субъектісінің жарғылық капиталындағы пайыздық үлесі;

сатып алушының нарық субъектісіне және оның тұлғалар тобына қатысты алатын құқықтар тізімі;

7) белгілі бір немесе өзара алмастырылатын тауарлардың осы мәмілені жасау

нәтижесіндегі өндірілу және өткізілу болжамы қамтылады.

2. Заңның 50-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген монополияға қарсы органға осы экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішхат беру үшін қ а ж е т т і қ ұ ж а т т а р т і з і м і :

1) екі және одан да көп нарық субъектілерінің атқарушы органдарына, директорлар кеңесіне, байқаушы кеңестеріне және басқа да басқару органдарына қатысуы көзделетін жеке тұлға туралы мәлімет:

жеке басын куәландыратын құжат деректері, азаматтығы туралы мәліметтер, жұмыс орны, осы субъектілерде кәсіпкерлік қызметті жүргізудің шарттарын айқындауға мүмкіндік беретін өкілеттіктерін көрсете отырып, атқаратын лауазымы; өкілеттіктерін көрсете отырып, оларда өтінішхат беруші тұлға кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын айқындайтын заңды тұлғалардың тізбесі;

2) өтінішхат беруші тұлға тағайындалатын немесе сайланатын заңды тұлғаның (тұлғалар тобының) және басқару органының атауы;

3) атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне, байқаушы кеңестеріне және басқа да басқару органдарына өтінішхат беруші тұлғаның кіруі жоспарланатын нарық субъектілеріндегі лауазымның атауы;

4) атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне, байқаушы кеңестеріне және басқа да басқару органдарына өтінішхат беруші тұлғаның кіруі жоспарланатын нарық субъектілеріндегі осы тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын айқындауға мүмкіндік беретін құқықтардың тізбесі;

5) өтінішхат беруші тұлға кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын айқындайтын әрбір нарық субъектісі бойынша және тұлғалар тобында: нарық субъектісінің атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, заңды және нақты м е к е н - ж а й л а р ы ;

тауарлар өндірудің, өткізудің, олардың Қазақстан Республикасына тиісті экспорты мен импортының көлемі көрсетіледі;

б) өтінішхат беруші тұлғаның қатысуы жоспарланатын нарық субъектісі бойынша, сондай-ақ осы тұлға кіретін тұлғалар тобы бойынша: нарық субъектісінің атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, заңды және нақты м е к е н ж а й л а р ы ;

өздерінде өтінішхат беруші тұлға кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын айқындайтын нарық субъектісі мен тұлғалар тобы өндіретін немесе өткізетін белгілі бір немесе өзара алмастырылатын тауарларды өндірудің, өткізудің, олардың Қазақстан Республикасына тиісті экспорты мен импортының көлемі көрсетіледі.»;

19) Заңның 55-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«55-бап. Экономикалық шоғырлануға тыйым салу

Егер экономикалық шоғырлану бәсекелестікті шектеуге алып келетін болса, оған т ы ы м с а л ы н а д ы . » ;

20) мынадай мазмұндағы 56-1) тармақшамен толықтырылсын:
«56-1-бап. Монополияға қарсы органның жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарламаны қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдауы

1. Егер жасалған экономикалық шоғырлану туралы хабарлама монополияға қарсы органға келіп түскеннен кейін қырық бес күнтізбелік күн өткеннен соң монополияға қарсы орган хабарлама жіберген тұлғаға мәміленің күшін жою қажеттігі туралы жазбаша жауап жібермесе, экономикалық шоғырлану жүзеге асырылған болып саналады.

2. Егер монополияға қарсы орган іске асырылған экономикалық шоғырлану туралы хабарламаны қарау кезінде оны жасау, оның ішінде үстем жағдайдың пайда болуы немесе күшеюі жолымен бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға әкелетін немесе әкелуі мүмкін екендігі белгіленетін болса, монополияға қарсы орган күнтізбелік отыз күн ішінде орындалуы тиіс нұсқама шығарады.

3. Нұсқама орындалмаған жағдайда, монополияға қарсы орган нарық субъектісін монополияға қарсы органның нұсқамасын орындауға мәжбүрлеу туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы.»;

21) 58-баптың 2-тармағы:

4) тармақшада «табылады» сөзі «табылады;» сөзімен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 5) тармақшасымен толықтырылсын:
«5) бұқаралық ақпарат құралдарында қамтылған ақпарат.»;
4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Тергеудің басталуы туралы бұйрықтың көшірмесі қол қойылған күнінен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей өтініш беруші мен тергеу объектісіне жіберіледі.»;

22) Заңның 59-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«59-бап. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы мәліметтерді алдын ала

қарау

1. Монополияға қарсы орган Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы мәліметтерді келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірмей алдын ала қарауды жүргізеді. Монополияға қарсы органға Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылу белгілерінің болуы туралы немесе болмауы туралы шешім шығаруға мүмкіндік беретін нақты деректер жеткіліксіз болған жағдайда, монополияға қарсы орган қосымша нақты деректерді жинау және талдау үшін алдын ала қарау мерзімін бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы. Монополияға қарсы орган өтініш берушіні өтінішті немесе материалдарды алдын ала қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

2. Монополияға қарсы орган заң бұзушылық туралы мәліметтерді алдын ала қарау

барысында жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан ақпарат пен құжаттарды жазбаша немесе ауызша нысанда сұратуға құқылы.

Жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік органдар сұратылған ақпарат пен құжаттарды беруге міндетті.

3. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы мәліметтерді қарау тапсырылған монополияға қарсы органның лауазымды адамы алдын ала қарау нәтижелері негізінде қарау қорытындылары бойынша:

1) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңдарының бұзылуын тексеру туралы ;

2) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңдарының бұзылуын тексеруден бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдау туралы қорытынды дайындайды .

4. Заң бұзушылық туралы мәліметтерді алдын ала қарау қорытындыларын монополияға қарсы орган басшысы бұйрықпен бекітеді. Бұйрықтың көшірмесі қол қойылған күннен бастап үш күн ішінде өтініш берушіге жіберіледі, ал тергеу жүргізу туралы шешім қабылданған жағдайда тергеу объектісіне де жіберіледі.

5. Өзінің өтінішінің негізінде заң бұзушылық туралы мәліметтерді алдын ала қарау басталған тұлға Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуына тергеу жүргізуден бас тарту туралы бұйрық бойынша бір айдың ішінде монополияға қарсы органның бірінші басшысына немесе Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасай алады.»;

23) 63-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) басқа нарық субъектілерінің құпия ақпараты және (немесе) коммерциялық құпиясы бар материалдарын қоспағанда, іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жасауға және көшірмелерін алуға»;

24) 64-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Нарық субъектісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпаратты құпия ақпаратқа жатқызған жағдайда монополияға қарсы органға мәліметтерді берген кезде нарық субъектісі белгі қою арқылы оның сипатының құпиялылығын көрсетуге міндетті . » ;

25) 67-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуын тергеу нәтижелері бойынша монополияға қарсы органның лауазымды адамы қол қойған қорытындыны тергеу объектісі мен монополияға қарсы органның басқармасына жіберген күн тергеудің аяқталуы болып есептеледі.».

2-бап. Осы Заң Еуразиялық экономикалық комиссиясы тиісті шешім қабылдаған сәттен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының б) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

